

2012 жылы Шарбақты ауданының білім берудегі педагог қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларын жылыту үшін отын сатып алуға бір жолғы ақшалай өтемақы беру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы N 49/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 желтоқсанда N 3276 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 шілдедегі № 1-35-112 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 21.07.2014 № 1-35-112 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 53-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылы Шарбақты ауданының білім берудегі педагог қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларын жылыту үшін отын сатып алуға 5000 (бес мың) теңге көлемінде бір жолғы ақшалай өтемақы, 2012 жылғы бюджет қаражаты есебінен **т ө л е н с і н .**

2. Төлемдер жеке есепшотының нөмірі көрсетілген жеке өтініші, жеке басының куәлігі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке коды, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмелері немесе мекенжай бюросынан анықтама, еңбек кітапшасы немесе жұмыс орнынан анықтама негізінде **ж ү р г і з і л е д і .**

3. "Шарбақты ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік төлемдерді өз уақытында қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, аудандық
мәслихат хатшысы Т. Абдрахманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК